

ОӘЖ 94 (574)

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ТҮНҒЫШ ӘЙЕЛ- ҰСТАЗ ХҮСНИ-ЖАМАЛ НҰРАЛЫХАНОВА

*Убайдулла А., 1-курс студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*

*Астана қ.*

Хүсни-Жамал Нұралыханова туралы мақала қазақ даласындағы алғашқы әйел-ұстаздардың бірі ретінде оның өмірі мен ағартушылық қызметін зерттеуге бағытталған. Мақсаты Нұралыханованың білім беру саласындағы рөлін анықтап, оның қазақ қыздарына білім берудегі үлесін талдау.

Хүсни-Жамал Нұралыханованың қызметі мен еңбегі қазақ халқының ағартушылық тарихында маңызды орын алады ол өз заманының қиындықтарына қарамастан, білім беру саласында әйелдердің рөлін қалыптастырып, қазақ қыздарын оқытуға ерекше үлес қосқан тұлға болды.

Хүсни-Жамал Нұралыханова 1872 жылы Бөкей Ордасындағы сұлтандар әулетінде дүниеге келген. Әбілқайыр хан әулетінен шыққан, Нұралы ханның шөбересі, Жәңгір ханның немересі болып келеді. Ол алғашқы сауатын ағаларынан алды, содан кейін өздігінен Орда мектебінің мұғалімдерінің көмегімен ол балаларды оқыту саласында білім алды. Жас кезінен бастап қыз әкенің қолдаумен ғылымға деген сүйіспеншілігін көрсетті. Ол халықтың дастандары мен өлең-жырларын жадында сақтауға тырысып, орыс классиктерінің еңбектеріне ден қойып, тәрбиеленген. Жәңгірхан Орда қаласын мәдени орталыққа айналдыру мақсатында көп еңбек етіп, алдымен осы қалада үлкен кітапхана ашу жөнінде әрекет етеді. Ол үшін Мәскеу, Петербург, Қазан, Уфа сияқты қалалардан шығатын газет -журнал, кітаптарды үнемі алғызып тұрған.

Қазандағы земство мектебін бітіріп, Бөкей Ордасындағы әйелдер мектебінде сабақ берді. Бұл мектеп 1883 жылдан бері жұмыс істегенімен онда тек басқа ұлттың қыздары оқитын. Хүсни-Жамал Зұлқарнайқызының бастамасынан кейін ғана мектепке қазақ қыздары бара бастады [1]. Жалпы Хүсни-Жамалдың өз заманында басқа қыздардан ерекшеленіп, алғыр, орыс тілін жетік меңгерген білімді қыз болып өсуіне оның ортасы ықпал етті. Қазақ даласындағы тұңғыш білім ордасы яғни алғашқы училище Хүсни-Жамалдың атасы Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің бастамасымен ашылған болатын [2]. Атасының салған ізін жалғастырып, ол балаларға, әсіресе қыз балаларды сауаттандыру, оларға тек бастауыш білім берумен шектелмей, кең көлемде мәдени және рухани тәрбие беруді мақсат еткен. Хүсни-Жамал қыздарды

училищеге түсудің алдында белгілі дайындықтан өткізудің жолдарын іздестірген. Осыған орай, ол 1894 жылы арнайы алты қанат киіз үй тіктіріп, қыздарды оқытуға кіріседі. Бұдан өзіне тиісті мұғалімдік еңбекақыны алудан бас тартады. Мектептегі оқушыларға қажетті оқу-құралдары, басқалай жабдықтарды оқу министрлігінің инспекторы А. Вознесенскийден алып тұруға келіседі. Айта кету керек, оның үлкен ағасы Сейіткерей өз уақытында білімді адам болған. Оған Астраханьдағы қалмақ базарын басқаруға сеніп тапсырылды. Ағасының арқасында Астрахань кітапханасымен және қаланың басқа мәдени орталықтарымен байланысқа шықты. Хұсни-Жамал Нұралыханованың педагогикалық көзқарастары мен әдістері қазақ ағартушыларының жалпы бағыттарымен үндес болды. Ол Абай Құнанбайұлының, Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларымен таныс болған. Оның оқыту жүйесінде ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға ерекше мән берілді. Хұсни-Жамал қазақ қыздарына білім берумен қатар, олардың өмірге деген көзқарастарын кеңейтіп, оларға заманауи қоғамда өз орындарын табуға көмектесуді көздеген. Бұл оның қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік жаңғыруына қосқан үлесін ерекше айқындады. 19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басында қазақ қоғамы патриархалды жүйе аясында өмір сүрді, онда әйелдердің рөлі көбінесе үй шаруасымен шектелді. Осы кезеңде Хұсни-Жамалдың ұстаздық жолға түсуі үлкен жаңалық болды. Қазақ даласындағы қыз балаларға арналған алғашқы мектептер ашыла бастағанда, ол өз заманындағы маңызды оқиғалардың бірі болды. Оның білім беру әдісі сол замандағы прогрессивті әдістерге негізделген еді, ол тек жазу мен оқуды ғана үйретпей, сонымен бірге қазақ қыздарына дүниетанымдық білім беруге талпынды. «Ол бізге жазу мен оқуды ғана үйретіп қойған жоқ, жұрттың алдында өзімізді қалай ұстауды, жүріп-тұруды, бой күтуді ерінбей-жалықпай үйрететін. Өн салуға, еуропаша би билеуге баулитын» деп жазған екен естелігінде Әмина Мәметова [3].

Арон Қаратаевқа тұрмысқа шыққаннан кейін Хұсни-Жамал мектеппен байланысын үзбеген. Әрқашан жағдайларын біліп, жиі хабарласып тұруды әдетке айналдырған. Олар патша үкіметіне сенімсіздердің қатарына ілігіп, басқан іздері есепке алынып, аңдулы болды. Соған қарамастан, Орал қаласында өтетін қазақ зиялыларының басқосуларына уақытында үнемі қатысып, «Қазақстан» газетін шығаруға көп көмектесті. 1910-1912 жылдары бақылау әсіресе күшейген кезде күйеуі Ароннан газеттің уақтылы шығуына ықпал етуін өтінді. Газет беттерінде Хұсни-Жамал Нұралыханова жас мұғалімдерге балаларды қалай оқыту керектігі туралы өз кеңестерін жариялады. Тегінде адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқалармен оздым демектің бәрі де ақымақшылық деген Абайдың ұстанымы негізінде Хұсни-Жамал өз мақалаларында халқының келешегіне ой жіберген [4].

Хұсни-Жамал өзінің ұстаздық қызметінде көптеген қиындықтарға тап болды. Патриархалды қоғамда әйелдерге білім беру туралы түсінік әлі де қалыптаспаған еді. Әлеуметтік қысым, материалдық қиындықтар және отбасылық қарсылықтар оған айтарлықтай кедергі келтірді. Дегенмен, Хұсни-Жамал бұл қиындықтарды еңсеріп, қазақ қыздарының сауаттылығын арттыруға белсенді түрде үлес қосты.

Оның еңбегі өз заманының ағартушылары арасында танылды, ол қазақ қоғамындағы әйелдердің рөлін нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Хұсни-Жамал Нұралыханованың оқушылары арасында болашақта қоғамға белсенді түрде араласқан әйелдер көп болды, олар кейінірек қазақ әйелдерінің қоғамдық-саяси өмірге араласуына үлкен серпін берді.

Хұсни-Жамалдың шәкірттері - Алма Оразбаева (әйел теңдігі, қалың мал туралы заңдарды әзірлеушілердің бірі, кеңестер үкіметі құрамындағы тұңғыш қазақ қызы), Рәзия Меңдешева (Кеңестік Қазақстанның тұңғыш төрағасы Сейітқали Меңдешевтың жары), Әмина Мәметова (Мәншүк Мәметованың анасы), қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, педагог Шахзада Шонанова (Хұсни-Жамалдың қызы), Мүбина Ниязова, Мәдина Бегалиева сынды 20 ғасырдың әйгілі қыздары. Шәкірттерінің бірі Рәзия Меңдешеваға «Менің бастаған ісімді сен жалғастыр. Балаларға білім беру үлкен бақыт, соны ұмытпа» деген екен [5,201]. 1923 жылы Орынборда шәкірті Алма Оразбаевамен кездескенде, оның ел-жұртының жоғын жоқтайтын қайраткер болып жетілгеніне қуанып, «еңбегім еш кетпеген екен» деп мәз болған екен.

Хұсни-Жамал Нұралыханованың өмірінің соңында Шахзаданың қолында Алматы қаласында тұрған. Большевиктер Телжан мен Шахзаданы ұстап алып, үйлерін тартып алған соң қызының хабарын біле алмай Алматыда көп қиындық көрген. Түрлі жала мен айыптардың кесірінен Хұсни-Жамалды жақын туыстары мен дос жарандары үйіне кіргізуге қорықты. Оралға қайтқаны, Алматыда қалғаны белгісіз. Дегенмен, көп жерде, 1945 жылы Алматыда аштықта өлгені туралы жазылады. Ал қызы Шахзада небәрі 34 жасында атылған жалғыз қазақ қызы.

Міне, тағдырының соңы ауыр аяқталғанына қарамастан қазақ ағартушылық тарихында аты алтын әріппен жазылған Хұсни-Жамал Нұралыханова еңбегі мәңгі өшпей қала бермек. Қазақ ұлтының бағына орай, тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр тарихи тұлғаларын мол жаратқан.

*Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Асылгожина Р.Е*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сейдуәлі, А. (2024, 7 наурыз). Қазақ тарихындағы ағартушы әйелдер. *Дін мәселелерін зерттеу орталығы*. <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/qazaq-tarihyndagy-agartushy-aielder-904/>
- 2 Ayagan, Y., Mediyeva, S, Asetova, J. (2014). Muslim schools and madrasahs in new tendency on the basis of Islam culture in bukey horde reformed by Zhanghir khan. *Life Science Journal*, 11, Issue spec 5, 255 - 258.
- 3 Сүлейменова, А. (2015). *Қазақ әйелдерінің білім алу тарихы*. Алматы: Қазақстан.
- 4 Құрманбекова, З. (2020). *Қазақстандағы әйелдер және білім беру*. Астана: Рауан.

5 Тойбай, А. (2019). *Даланың дана арулары*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.